

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 17 наурыздағы N 134 Заңы

Иламабадта 2003 жылғы 8 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ПӘКСТАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ӨЗАРА КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Пәкстан Ислам Республикасының Үкіметі,

бір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарап аумағындағы инвесторлар жүзеге асыратын инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасауды ниет ете отырып,

екі ел арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау өзара тиімді сауданың, экономикалық, ғылыми және техникалық ынтымақтастықтың дамуына ықпал ететінін назарға ала отырып,

инвестициялардың қолайлы, заңды және әділ жағдайының инвестициялаудың мықты инвестициялық негізін қолдау және экономикалық ресурстарды барынша тиімді пайдалану үшін ыңғайлылығын тани отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптар үшін "инвестор" термині:

а) мемлекеттің заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылатын жеке тұлғаны;

б) бір Уағдаласушы Тараптың аумағында өзінің орналасқан жері бар және екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында инвестициялауды жүзеге асыратын, мемлекеттің заңнамасына сәйкес бір Уағдаласушы Тарап құрған заңды тұлғаны білдіреді.

2. "Инвестициялар" терминіне кез келген Уағдаласушы Тараптың иелігіндегі және басқа Уағдаласушы Тараптың аумағында сол мемлекеттің заңнамасына сәйкес инвестицияланатын мүліктің барлық түрі енеді және атап айтқанда мыналарды

қамтиды, бірақ ерекше емес:

а) жылжымалы және жылжымайтын мүлікті және импортқа шығарылатын және өндеусіз сатуға арналған тауарлардан өзге, онымен байланысты кез келген басқа да құқықтарды;

б) акция, салымдар, облигация, бағалы қағаздар және қоғамдарға немесе Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес тіркелген өзге де заңды тұлғаларға қатысудың басқа да нысандарын;

в) кірістерді қайта инвестициялау және негізгі қарыз бен кредиттік келісімдер бойынша пайыздарды төлеу;

г) экономикалық құндылықтарды алу немесе экономикалық құндылығы бар қызмет көрсетулер үшін инвестицияланған ақша түріндегі кепілдіктің құқығы;

д) авторлық құқықтарды, патенттерді, сауда белгілерін, өнеркәсіптік үлгілерді, қызмет көрсету белгілерін, ноу-хау және "гудвиллді" қоса алғанда санаткерлік меншік нәтижелеріне арналған құқығы;

е) заңнамаға немесе жекелей алғанда, табиғи ресурстарды барлауға, әзірлеуге және өндіруге арналған құқықтарды қоса алғандағы шарттарға сәйкес ұсынылған экономикалық қызметті жүзеге асыру құқығы.

Олар жүзеге асырылған инвестиция нысанындағы кез келген одан әрі өзгерістер мұндай өзгерістер аумағында инвестиция жүзеге асырылған Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасына қайшы болмаған жағдайда инвестиция сапасындағы олардың біліктілігіне ықпал етпейді.

3. "Табыстар" термині инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынатын ақшалай немесе басқарғаны, техникалық қызмет көрсеткені үшін пайданы, дивидендтерді, пайыздарды және Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес алынатын басқа да қаражатты қоса алғанда заттай нысандағы қаражатты білдіреді.

4. "аумақ" термині Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы халықаралық құқыққа сәйкес құқықтарын және заңын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мен Пәкстан Ислам Республикасының тиісінше егеменді аумағын білдіреді.

2 - б а п

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап ұлттық заңнамаға сәйкес өз аумағында инвестицияларды жүзеге асыру үшін екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларын қолдайтын және оларға қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

2. Әрбір Уағдаласушы Тарап өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес екінші Уағдаласушы Тарап инвесторының инвестициялары үшін әділ және тең құқықты режимді қамтамасыз етеді және өздігінен немесе басқарудың, пайдаланудың, қолданудың немесе иелік етудің кемсітушілік шараларымен бұл инвестицияларды бұзбайтын болады.

3. Қайта инвестициялаудан түсетін пайдалар бастапқы инвестициялар сияқты қорғанысты қолданады.

3 - б а п

Инвестициялардың құқықтық режимі

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз аумағында екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына қатысты өз инвесторларының немесе үшінші ел инвесторларының инвестицияларына берілетініне қарағанда қолайлылығы кем емес режимді қамтамасыз етеді.

2. Осы Келісімге сәйкес ұсынылған режим мыналарға:

а) Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы ұсынатын немесе кеден немесе экономикалық одаққа, еркін сауда аймағына қатысуымен байланысты басқа елдердің инвесторларына ұсына алмайтын басымдықтарға;

б) Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы ұсынатын немесе Қосарлы салық салуды болдырмау туралы келісім немесе салық мәселелері жөніндегі басқа да келісімдер негізінде басқа елдердің инвесторларына ұсына алатын басымдықтарға қатысты болмайды.

4 - б а п

Барынша қолайлы режим қағидаты

Егер Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасында екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторларына осы Келісімде көзделгеннен анағұрлым қолайлы режим ұсынатын ереже болса, бұл ереже осы Келісімнен басым болады.

5 - б а п

Экспроприациядан кепілдеме

1. Уағдаласушы Тараптардың кез келген инвесторларының инвестициялары экспроприацияланбайды, ұлттандырылмайды, иеліктен айырылмайды немесе мұндай шаралар көпшілік мүддеде қабылданатын және заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес кемсітушіліксіз, дереу, баламалы және тиімді өтемақы төлей отырып жүргізілетін жағдайларды (бұдан әрі - экспроприация) қоспағанда, экспроприация, ұлттандыру, иеліктен айыру сияқты салдарларға алып келетін өзге де шараларға ұшырамайды. Өтемақы инвесторға экспроприация туралы белгілі болған сәттегі экспроприацияланған инвестициялардың нарықтық құнына тең болуы тиіс.

2. Өтемақы экспроприация күнінен және төлем күнінен бастан Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес есептелген қолданыстағы ставкаға сәйкес пайыздарды қамтуы тиіс. Өтемақы инвестициялар жүзеге асырылған валютамен не инвестордың келісімімен кез келген басқа валютамен төленетін болады. Өтемақы тиімді жүзеге асырылуы және шектеулерсіз, артық кідіріссіз еркін ауыстырылуы тиіс.

3. Зардап шеккен инвестор Уағдаласушы Тарап мемлекетінің заңнамасына сәйкес меншігі экспроприацияланған жағдайда бұл Уағдаласушы Тараптың сот немесе өзге де органдарына өзінің ісін жіберуге және осы Бапта мазмұндалған қағидаттарға сәйкес өз

инвестицияларының құнын айқындауға құқығы бар.

4. Уағдаласушы Тарап мұндай Уағдаласушы Тараптың аумағында күші бар заңнамаға сәйкес тіркелген немесе құрылған және онда екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының акциялары бар компания активтерін экспроприацияласа, ол осы баптың ережелері екінші Уағдаласушы Тараптың акциялардың иесі болып табылатын мұндай инвесторларының инвестицияларына қатысты тез, баламалы және тиімді өтемақыны қамтамасыз ету үшін қажетті шекте қолдануын қамтамасыз етуі тиіс.

6 - б а п

Зиянды өтеу

Инвестицияларына екінші Уағдаласушы Тарап аумағында соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстардың, төңкерістің, ұлттық төтенше жағдайдың немесе азаматтық тәртіпсіздіктердің нәтижесінде зиян келтірілген бір Уағдаласушы Тараптың инвесторларына реституцияға, зиянның орнын толтыруға, өтеуге немесе өзге де реттеуге қатысты өз инвесторларына не үшінші елдің инвесторларына ұсынатынына қарағанда анағұрлым қолайлы болып табылатын режим ұсынылады.

7 - б а п

Инвестициялармен байланысты төлемдердің аударымдары

1. Уағдаласушы Тараптар инвестициялармен байланысты қаражаттың барлық аударымдары Уағдаласушы Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген рәсімдерге сәйкес еркін және шектеулерсіз және кідіріссіз жүзеге асырылатынына кепілдік береді, онда мыналар көзделуі мүмкін:

(а) еркін аударымдар құқығы бұзылмауын ескере отырып, мұндай аударымдарды р е с і м д е у д і ң е р е ж е л е р і ;

(б) аударым сомаларына салықтар, алымдар және ұстап қалулар;

(в) кредиторлардың заңды құқықтарын қорғау немесе сот талқыламасы барысында шығарылған шешімдердің орындалуын қамтамасыз ету.

Осы Бапта көрсетілген рәсім әділ және кемсітушіліксіз болуы тиіс.

2. Осы Келісімнің аударымдары атап айтқанда, мыналарды, бірақ ерекше емес:

а) бастапқы инвестицияланатын капитал және инвестицияларды ұстау немесе ұлғайту үшін кез келген қосымша сомаларды;

б) пайда, пайыздар, дивидендтер, авторлық сыйақылар немесе төлемдер және басқа да а ғ ы м д а ғ ы к і р і с т е р д і ;

в) осы Келісімнің 5 және 6-баптарына сәйкес өтемақыларды;

г) инвестициялық дауларды реттеу кезінде туындайтын төлемдерді;

д) кредиттік келісім-шарттарға сәйкес төлемдерді;

е) түсім тек құзырлы органның рұқсаты бойынша еркін аударылуы мүмкін жағдайда, инвестицияларды сатудан немесе бөлігін немесе барлығын жоюдан түскен т ү с і м д і ;

ж) бір Уағдаласушы Тараптың азаматтары екінші Уағдаласушы Тараптың

аумағында жүзеге асырған инвестициялармен байланысты орындайтын жұмыстар мен қызметтер үшін валютамен және ол мемлекеттің заңнамасында көзделген тәртіпте алған еңбекақысын немесе өзге де төлемдерді;

з) санаткерлік меншік құқықтарына байланысты кейінгі пайыздарды және төлемдерді қоса алғанда займдар бойынша төлемдер сияқты инвестициялардан туындайтын шығыстарды жабу үшін қажетті сомаларды қамтиды.

3. Осы баптың 2-тармақшасында көрсетілген төлемдердің аударымдары қолданыстағы заңнамаға сәйкес инвестиция жүзеге асырылған Уағдаласушы Тараптың аумағында аударым жасалған күнгі қолданыстағы ресми бағам бойынша еркін айырбасталымды валютамен кідіріссіз жүргізіледі.

4. Уағдаласушы Тарап мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес осы Келісімнің мәні болып табылатын барлық аударымдарға үшінші мемлекет инвесторларына ұсынылған аударымдардан кем емес режим ұсынылатын болады.

8 - б а п

Суброгация

1. Егер Уағдаласушы Тарап немесе ол өкілеттік берген қандай да бір институт оның мемлекетінің кез келген инвесторына кепілдеме немесе инвестицияларға байланысты сақтандыру нысанында төлем жүргізсе, екінші Уағдаласушы Тарап бірінші Уағдаласушы Тарапқа немесе ол өкілеттік берген институтқа суброгацияға байланысты инвестордың барлық құқықтары мен талаптары берілгендігін танитын болады, Уағдаласушы Тарапқа немесе ол өкілеттік берген институтқа көрсетілген инвестордың бастапқы құқығы мен талаптары сияқты шекте жүзеге асыру өкілеттігі берілетін болады.

2. Осы Баптың 1-тармағында көзделген суброгация жағдайында инвестор, егер оған Уағдаласушы Тарап немесе ол өкілеттік берген институт өкілеттік бермесе талаптар қоя алмайды.

9 - б а п

Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың арасындағы дауларды реттеу

1. Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тараптың инвесторы арасындағы шаралар, жағдайлар немесе төлемдерді өтеу рәсімдері жөніндегі дауларды қоса алғанда, инвестициялармен байланысты туындаған кез келген дау мүмкіндігінше келіссөздер жолымен реттелуі тиіс.

2. Егер дау туындаған күнінен бастап алты ай ішінде бұлайша шешілмеген жағдайда, инвестор дауды:

(а) инвестицияны қабылдайтын Уағдаласушы Тараптың құзыретті төрелік сотының немесе;

(б) Тараптардың өзара келісімі бойынша халықаралық деңгейде танылған төрелік органдардың бірінің немесе;

(в) БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы бойынша комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік ережелері бойынша құрылған арнайы төрелік сотының қарауына бере алады.

3. Төрелік сот әрбір нақты жағдай үшін жеке құрылады. Егер дауға қатысатын Тараптар өзгесіне келіспесе, олардың әрқайсысы бір төрешіден тағайындайды. Тағайындалған екі төреші үшінші мемлекеттің азаматы болып табылатын Төрағаны тағайындайды. Төрешілер төрелік сотқа дауды қарауға ұсыну туралы талап алынған күнінен бастап екі ай ішінде, ал Төраға келесі екі ай ішінде тағайындалуы тиіс.

4. Егер жоғарыда көрсетілген жағдайлар мен рәсімдер сақталмаса, даудың басқа уағдаластығы жоқ кез келген тарабы Париждегі Халықаралық Сауда палатасының жанындағы Төрелік соттың Төрағасына қажетті тағайындау жүргізуді өтініп жүгіне а л а д ы .

5. Егер дауға қатысатын Тараптар арасында басқасы келісілмесе, Төрелік сот өзінің р ә с і м е р е ж е с і н б е л г і л е й д і .

6. Төрелік соттың шешімі түпкілікті және міндетті болып табылады. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес Төрелік соттың шешімдерінің танылуын және орындалуын қамтамасыз етеді.

7. Төрелік процесс немесе шешімдерді орындау барысында процеске тартылған Уағдаласушы Тарап залал өтемақысын (толық немесе ішінара) сақтандыру шартына сәйкес инвестордың алған фактісіне сілтеме жасай алмайды.

1 0 - б а п

Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды реттеу

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің өтініші бойынша осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану мәселелері жөнінде консультация жүргізілуі мүмкін.

2. Уағдаласушы Тараптардың арасындағы осы Келісімді түсіндіру немесе қолдануға қатысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер арқылы шешіледі.

3. Егер Уағдаласушы Тараптар арасындағы даулар Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапқа хабардар еткен күннен бастап алты ай ішінде бұлайша шешілмесе, онда кез келген Уағдаласушы Тараптың талабы бойынша дау Төрелік сотқа б е р і л е т і н б о л а д ы .

4. Төрелік сот әрбір нақты жағдай бойынша жеке мынадай жолмен құрылады: төреліктің талабы алынғаннан кейін үш ай ішінде әрбір Уағдаласушы Тарап төрелік соттың бір бірден төрешісін тағайындайды. Екі төреші екі Уағдаласушы Тараптың мақұлдауымен, Төрелік соттың төрағасы тағайындайтын үшінші елдің азаматын сайлайды. Төраға басқа екі төреші тағайындалған күннен бастап үш ай шегінде т а ғ а й ы н д а л у ы т и і с .

5. Егер осы Баптың 4-тармағында көрсетілген уақыт мерзімі ішінде қажетті тағайындаулар жүргізілмесе, Уағдаласушы Тараптың әрқайсысы басқа да кез келген келісімдер жоқ болса, қажетті тағайындауларды жүргізуге Халықаралық соттың Президентін шақыра алады. Егер Президент Уағдаласушы Тараптардың бірінің

азаматы болып табылса немесе басқа да себептермен көрсетілген функцияны орындай алмаса, онда мұндай тағайындауды Вице-Президент жүргізеді. Егер Вице-Президент Уағдаласушы Тараптардың бірінің азаматы болып табылса немесе көрсетілген функцияны орындай алмаса, онда мұндай тағайындауды Халықаралық соттың ешбір Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылмайтын дәрежесі бойынша келесі судьясы жүргізеді.

6. Төрелік сот өз шешімдерін осы Келісімнің ережелері, сондай-ақ халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары негізінде қабылдайды. Төрелік сот өз шешімін басым дауыспен шығарады. Мұндай шешім түпкілікті және екі Уағдаласушы Тараптар үшін міндетті болып табылады. Сот өзінің жұмыс тәртібін дербес белгілейді.

7. Әрбір Уағдаласушы Тарап төрелік процесте өзі тағайындаған төреші мен өз өкілдігінің қызметімен байланысты шығыстарды мойнына алады. Сот Төрағасының қызметімен байланысты шығыстарды және өзге де шығыстарды Уағдаласушы Тараптар тең бөлікпен мойнына алады. Алайда, Төрелік сот Уағдаласушы Тараптардың бірі шығыстардың үлкен бөлігін мойнына алуы тиістігін көрсетуі мүмкін және бұл шешім екі Уағдаласушы Тарап үшін де міндетті болады.

1 1 - б а п

Қорытынды ережелер

Осы Келісім ол күшіне енгеннен кейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты болады.

Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың ол күшіне енуі үшін қажетті ұлттық құқықтық рәсімдердің орындағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім 10 жыл бойы күшінде болады. Бірінші он жылдық мерзім өткеннен кейін оның күші өздігінен белгісіз уақытқа ұзартылатын болады. Кез келген Уағдаласушы Тарап осы Келісімді он жылдық мерзімі өткеннен кейін тоқтату туралы алдын ала алты ай бұрын немесе одан әрі кез келген уақытта жазбаша хабардар ете отырып, тоқтата алады.

Келісімнің қолданылу мерзімінде жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты оның ережелері Келісім тоқтатылған күннен кейін бес жыл бойы қолданылатын болады.

Исламабад қаласында 2003 жылы 8 желтоқсанда қазақ және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды және барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін
Индустрия және сауда министрі*

*Пәкстан Ислам Республикасының
Үкіметі үшін
Инвестиция министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК